

CL4-615-SB UM Boom Kit жиынтығы
Пайдаланушы нұсқаулығы



4826791

КІРІСПЕ

Сізге тұрақты жарықтың Рекат жарықтандырғыштар жиынтығын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Үйдегі және көшпелі түсірімге арналған тұрақты жарықтың жарықтандырғыштар жиынтығы фотоәуесқойлар мен кәсіпқой фотографтардың кен тобына арналған.

Ол жылдам және оңай басқарумен жабдықталған және жетекші өндірушілердің құрамдас бөлшектерінен жасалған.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жарақат алуға және/немесе жарықтандыру аспабының зақымдануына жол бермеу үшін нұсқаулықпен мұқият тансыңыз.

- Аспапты температуралардың жұмыс диапазонының шектерінен тыс пайдаланбаңыз (–5°C-ден 40°C дейін);
- Аспапты ылғалдың әсер етуіне ұшыратпаңыз. Судың жанында пайдаланбаңыз;
- Аспаптың ішіне бөгде заттар түспеуін қадағалаңыз;
- Аспапты бензин немесе еріткіштер сияқты химикаттардың әсеріне ұшыратпаңыз, сұйық немесе аэрозольді тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз, аспапқа тек қана жұмсақ ылғал сулықтың көмегімен күтім жасаңыз;
- Аспапты тура күн сәулелерінің астында немесе жылытқыш аспаптардың жанында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз;
- Аспапты өз бетімен бөлшектеуге және/немесе жөндеуге тырыспаңыз
- Аспапты құлатпаңыз және оны соққыламаңыз;
- Аспаптың үстіне ауыр заттарды қоймаңыз;
- Аспапты артық қысымға (сығымдауға) ұшыратпаңыз;
- Аспапқа су қолыңызды тигізбеңіз;
- Аспапты шаңды үй-жайларда сақтамаңыз.

Рекат сынулар, жөндеу және басқа себептердің нәтижелерінде деректердің жоғалуынан болатын ықтимал залал үшін жауапты болмайды.

СТУДИЯЛЫҚҮЙДЕГІ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ТҮСІРІМГЕ АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ЖАРЫҚТЫҢ ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШТАР ЖИЫНТЫҒЫ

Тұрақты жарықтандырудың Rekam CL/HL жиынтықтарына, қорапта жиынтықтың көрсетілген жиынтықталуына байланысты, келесі бөлшектер кіреді, әрқайсысы 125 Вт-тан 800 Вт дейінгі қуатты екіден төрт жарықтандырғыш, студиялық тіректер, көлбеу қарнағы бар тырна-тірек, 84 және 92 см диаметрлі жарық саңылауларға арналған фотошатырлар, өлшемдері 70-ке 50 софтбокстар, сонымен қатар жиынтықты ыңғайлы тасымалдауға арналған доңғалақшалы сөмке.

Бұл жеңіл, қарапайым, және де бір мезгілде ықшам жарықтандырғыштар жарықтың сыртқы көздерін пайдалануға үйрену үшін мінсіз жарамды. Олар камераға кіріктірілген фотожарқылдан алынатын нәтижеден пайдалаы ерекшеленетін нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

CL/HL жарықтандырғыштарды пайдалану жөніндегі толық нұсқаулық аспаптардың жеке қаптамасында орналасқан.

ЖИЫНТЫҚТА:

- | | |
|--|--------|
| 1. FL4 жарықтандырғышы | 2 дана |
| 2. FL1s жарықтандырғышы | 1 дана |
| 3. Софтбокс 50×70 см | 1 дана |
| 4. Ø 92 см жарық саңылауға арналған ақ фотошатыр | 2 дана |
| 5. Студиялық қарнақ LS2-135, ұзындығы: 135 см | 1 дана |
| 6. LS3-213-2 студиялық тірегі, биіктігі: 213 см | 2 дана |
| 7. LS3-244-6 студиялық тірегі, биіктігі: 244 см | 1 дана |
| 8. Флуоресценттік шам 55 Вт, E27, 5500 K | 8 дана |
| 9. Флуоресценттік шам 175 Вт, E27, 5500 K | 1 дана |
| 10. Сақтауға және тасымалдауға арналған сөмке | 1 дана |




ЖАРЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ҚОНДЫРМАЛАРДЫ FL4-ке БЕКІТУ

FL4 аспаптың ортасында фотошатырды орнату және бекітуге арналған тесік (1) бар. Түсіру кезінде фотошатырды пайдалану үшін шатырдың «аяқшасын» осы тесікке бекітіңіз және оны үйкелісті ішкі қысқыштың арқасында бекітіңіз.



FL4 жарықтандырғыштың қондырмаларды бекітуге арналған жеке байронеті жоқ, және де софтбокс аспап корпусына 4 тесіктің (Н) көмегімен орнатылады, оларға софтбокс жеткізілімінің жиынтығындағы металл шабақтар кіргізіледі.



50X70 СОФТБОКСТЫ FL1S-ке БЕКІТУ

FL1s жарықтандырғышында қоныдрмаларды бекітуге арналған жеке байонеті жоқ. Алынбайтын софтбокс жарықтандырғышқа зауыттық жағдайларда орнатылған және бөлек пайдалануға жатпайды. Жарықтандырғышы бар жиналған шатырды ұзақ сақтағанда және тасымалдағанда флуоресцентті шамды бұрап алу және оны арнайы қаптамада сақтау ұсынылады.



LS2-135 ҚАРНАҒЫН БЕКІТУ

Осы жиынтықтың ерекшелігі болып «тырнаның» - жарықтандырғыштың тіректен және лған бекітілген қарнақтан тұратын орнату жүйенің бар болуы табылады. Бұл жүйе жарықтандырғышты оның тірек орнатылған бетке (мысалы, еден) түсетін проекциясы тірек аяқтарының «құлашымен» анықталатын тірек ауданынан айтарлықтай шығып кететіндей орнатуға мүмкіндік береді. Жарықтандырғыштың осындай жайғастырылған жағдайында тұрақты тепе-теңдік жайғасымын қамтамасыз ету үшін, қарнақтың жеткізіліміне «қарсы салмақ» құруға арналған әртүрлі сусымалы заттармен (құм, қиыршық тас және т. б.) толтыруға арналған қап және ілгегі бар бекіткіш механизм кіреді, олар қарнақтағы осындай қарсы салмақтың сенімді бекітілуін қамтамасыз етеді. Қарнақ жеткізіліміне оның тіреуге бекітетін кіретін механизм де сонымен қатар қарнақтың тірек өсіне қатысты көлбеу бұрышын өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, рорнатудың осы жүйесі - «тырна» - жарықтандырғыштың әдеттегі студиялық тіректерді пайдаланған жағдайда жетуге болмайтын жайғасыын таңдауға мүмкіндік береді.

Ұзындығы 135 см дейінгі және
2 кг дейінгі жүктемесі бар 2-
секциялы LS2-135 қарнағы.




МЫСАЛДАР

Төменде портреттік түсірім кезіндегі әдемі жарық сурет жасауға арналған көздердің жайғасуының бірнеше мысалы берілген.

Бұл сызбалар фотограф үшін сыбыр болып табылады, бірақ Сіз өзіңізді тек қана олармен шектеу қажет емессіз, жаңа сызбаларды жасап шығарыңыз, ойлап шығарыңыз, сонда Сіздің өзіңізді, сіздің жақындарыңызды, туыстарыңызды және де Сіздің тұрақты жарықтың Rekam CL/HL жиынтықтарын пайдаланумен жасалған фотосуреттеріңізді жай ғана қарайтындарды сүйсіндіре таңдалдыратын нәтижелерге жете аласыз.


№1 мысал

Жарықтың №1 көзі тікелей камераның (К) үстіне немесе оның объективінің оптикалық өсіне мүмкіндігінше жақындатып, сәл жоғары орнатылады. Ал №2 көз фонға бағытталған.



№2 мысал.

Жарықтың екі №2 және №3 көзін фонды толығымен «ағарту» үшін фонға бағыттаймыз. №1 көзді («жарық саңылауға» арналған үлкен ақ шатырмен қалаулы) камера (К) объективінің оптикалық өсіне мүмкіндігінше жақын орналастырамыз. Бұл ретте фондық жарық түсірім объектісіне түсетін шашыраңқы жарықтан шамамен экспозицияның 1-2 сатысына жоғары болуы қажет.




№3 мысал

№1 - «Жарық саңылау» шатыры бар «толтырғыш» жарықтың көзі.

№2 - «Сурет салатын» жарықтың көзі, болжаумен 70-ке 50 см софтбокспен.

№3 - Фондық жарықтың көзі, болжаумен 70-ке 50 см софтбокспен.

№4 - Жарық шағылыстырғыш (лайт-диск). Ол «сурет салатын» жарық көзінен түсірім объектісінде пайда болатын көлеңкені жұмысарту үшін қажет (*жиынтықтарда жоқ*).



**Өндіруші электрлік сұлбаға немесе аспаптың басқа бөліктеріне өз бетімен немесе авторизацияланбаған сервистік қызмет жасаған өзгерістерден ықтимал болуы мүмкін салдарға жауапты болмайды;
Осы өнім жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өндірушімен өзгертілуі мүмкін.**

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі»
ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

Manufacturer: Rekam Inc., Canada
Address: 222 Faywood Boulevard, Toronto,
ON, M3H 6A9, Canada
Made in China

Өндіруші: Рекам Инк., Канада
Мекенжайы: Канада, Онтарио провинциясы,
М3Н 6А9, Торонто, Фейвуд
желекжолы 222

